

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы,
Серия «Исторические и социально-политические науки»,
Series «Historical and socio-political sciences»

№4(67), 2020

Алматы 2020

Рахманова Г.Б., Абжапарова Л.Ж., Тойганбаева А.Е. Торгово-экономическое взаимодействие - важное составляющее двустороннего сотрудничества между Казахстаном и Турцией..... 211
Rakhmanova G.B., Abzhararova L.Zh., Toiganbayeva A.Y. Trade and economic cooperation is an important component of bilateral cooperation between Kazakhstan and Turkey.....

Рымханова А.Б., Садырова М.С. Семья как институт социализации. Специфика изучения проблем многодетных семей. 216
Rymkhanova A., Sadyrova M.S. Family as an institution of socialization. The specifics of studying the problems of large families

Сарсенов М.Б. Внешнеполитическая стратегия РК в контексте программы «Рухани Жаңғыру»..... 219
Sarsenov M.B. Foreign political strategy of the RK in the context of the program "Rukhani Zhangyru"

Сарсенов М.Б. Гуманитарные аспекты современных международных отношений..... 223
Sarsenov M.B. Humanitarian aspects of modern international relations

Ибрагимова М.Н., Тойшыбекова Ж.Қ., Арепова А.Д. Пандемия кезінде атқаруға болатын тиімді жоба..... 228
Ibragimova M.N., Toishubekova Zh.K., Arepova A.D. Business project provided for realization during the pandemic.....

Сүлейменов П.М., Қасымбаев Қ. Әл-Фарабидің «Бақыт» идеясының әлеуметтік-мәдени негіздері..... 234
Suleimenov P.M., Kassymbaev K. Socio-cultural foundations of al-Farabi's idea of "happiness".....

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE AND HISTORIOGRAPHY**

Болтенко Д.Н. Историография становления и развития охраны государственной границы в период с 1571 до 1940 гг. 241
Boltenko D.N. The historiography of the formation and development of state border protection in the period from 1571 to 1940.....

Жалмагамбетов Е.А. Соғыс жылдарынан кейінгі онжылдықтағы шаруалар: Ресей тарихнамасы..... 245
Zhalmagambetov Ye.A. The peasantry in the post-war years: Russian historiography.....

Нурсултанова Л.Н., Айтмагамбетов Д.Р. Культурные контакты между Казахстаном и Ближним Востоком..... 252
Nursultanova L.N., Aitmagambetov D.R. Cultural contacts between Kazakhstan and the Middle East.....

Алави Сайед Ага Реза Образы Афганистана и афганцев в массовой и популярной британской литературе XIX – начала XX века..... 256
Alavi Sayed Agha Reza Images of Afghanistan and afghanis in mass and popular british literature XIX - beginning XX century.....

Сексенбаева Г.А. Нормативная правовая и методическая база деятельности аудиовизуальных архивов..... 260
Seksenbayeva G.A. Regulatory legal and methodological framework for the activities of audiovisual archives.....

УДК 338.312
МРНТИ 06.58.49

Ибрагимова М.Н.¹, Тойшыбекова Ж.Қ.², Арепова А.Д.³

¹ ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы қаласы, Қазақстан

² Тарих кафедрасының оқытушысы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан

³ Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері, ҚР БҒМ ҒК
Алматы қаласы, Қазақстан

ПАНДЕМИЯ КЕЗІНДЕ АТҚАРУҒА БОЛАТЫН ТИІМДІ ЖОБА

Аңдатпа

Мақалада автор бүкіл дүниежүзілік проблемалардың біріне айналған COVID-19 пандемиясының елімізге тигізген кері тұстары мен мемлекет басшыларының осы қиын жағдайдан шығуда қандай шаралар ұйымдастырғаны жайлы қысқаша тоқталып өтеді. Халықтың әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалына кері әсерін айта келе, қаншама адамның жұмыссыз қалғанын атап өтеді. Автор ұсынып отырған бизнес-жоба жұмыссыздық мәселесін түбегейлі шешпесе де біршама тиімді тұстары бар екенін көрсетеді. Осы орайда «Колөнер бұйымдарын өндіру» бизнес-жобасын іске асыруды ұсынады. Мақалада бизнес-жобаның мақсаты мен міндеттері және концепциясы айқындалған. Өндіретін өнімдерге сипаттама берілген. Маркетингтік жоспар мен өнім нарығының сипаттамасы көрсетілген. Маркетинг стратегиясына аса назар аударылған. Жобаны жүзеге асыру жолдары пункттер бойынша көрсетілген. Әр пункт бойынша талдаулар жасалған. Бизнес-жобаның негізгі мақсатын пайдаға асыра отырып, нарықтық-әлеуметтік қолданысқа қажетті, шығыны аз, пайдасы мол, экологиялық зиянды әсері жоқ, таза табыс көзіне тікелей әсері бар жобаларды дайындау мақсатында жоспарланып отыр. Жоба негізінде өндірілетін қолөнер бұйымдарына сипаттама жасалып, оның қажеттілігі айқындалады. Техникалық жабдықтау шаралары да толық қамтылған. Мақалада бизнес-жобаны жүзеге асыру пандемия кезінде қаншалықты тиімді екені анықталған. Жоба тиімділігі, әлеуметтік-экономикалық ахуалы қарастырылған.

Түйін сөздер: бизнес-жоба, қолөнер, маркетинг, стратегия, өндірістік ресурстар.

Ibragimova M. N.¹, Toishubekova Zh. K.², Arepova A. D.³

¹Senior teacher of Department of Pre-University Training, Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

²Teacher of Department of History, Kazakh national women's teacher training university,
Almaty, Kazakhstan

³Researcher of Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology The Committee of Science Ministry of Education and
Science of the Republic of Kazakhstan
Almaty, Kazakhstan

BUSINESS PROJECT PROVIDED FOR REALIZATION DURING THE PANDEMIC

Abstract

The author briefly reviews the negative consequences of the COVID-19 pandemic, which has become one of the world's problems, and the measures taken by the heads of state to get out of this difficult situation. Noting the negative impact on the socio-economic situation of the population, he notes the number of people who have lost their jobs. The author suggests that the proposed business project has a number of advantages, but does not solve the problem of unemployment. In this regard, it is proposed to realize the business project "Manufacturing of handicrafts". The article defines the goals, objectives and concept of the business project. The products have been described. The marketing plan and the description of the product market have been presented, with a focus on marketing strategy. The ways of project realization have been indicated in points. The analyzes have been carried out in each item. Using the main goal of the business project, it is planned to develop projects necessary for market and social use, inexpensive, profitable, environmentally friendly, having a direct impact on the source of net profit. The description and necessity of the produced handicrafts on the basis of the project have been revealed. Technical support measures have also been fully covered. The article determines how effective a business project is in a pandemic. The effectiveness of the project and the socio-economic situation have been considered.

Key words: business project, handicrafts, marketing, strategy, production resources.

Ибрагимова М.Н.¹, Тойшубекова Ж.К.², Арепова А.Д.³

¹Старший преподаватель кафедры довузовской подготовки,
Казахский национальный университет имени Аль-Фараби,
город Алматы, Казахстан

²Преподаватель кафедры Истории, Казахский национальный женский педагогический университет,
город Алматы, Казахстан

³Научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, КН МОН РК
город Алматы, Казахстан

БИЗНЕС-ПРОЕКТ, ПРЕДОСТАВЛЕННЫЙ ДЛЯ РЕАЛИЗАЦИИ ВО ВРЕМЯ ПАНДЕМИИ

Аннотация

Автор кратко рассматривает негативные последствия пандемии COVID-19, ставшей одной из мировых проблем, и меры, принимаемые главами государств для выхода из этой сложной ситуации. Отмечая негативное влияние на социально-экономическое положение населения, он отмечает число людей, потерявших работу. Автор предполагает, что предлагаемый бизнес-проект имеет ряд преимуществ, но не решает проблему безработицы. В связи с этим, предлагается реализовать бизнес-проект «Производство изделий ремесла». В статье определены цели, задачи и концепция бизнес-проекта. Продукция описывается. Представлены маркетинговый план и описание рынка продукции. Особое внимание уделяется маркетинговой стратегии. Пути реализации проекта указаны в пунктах. По каждому пункту проводились анализы. Используя основную цель бизнес-проекта, планируется разработать проекты, необходимые для рыночного и социального использования, недорогие, прибыльные, экологически чистые, имеющие непосредственное влияние на источник чистой прибыли. Выявлено описание изделий ручной работы, произведенных на основе проекта, и его потребности. Также полностью покрыты меры технической поддержки. В статье определяется, насколько эффективен бизнес-проект в условиях пандемии. Рассмотрены эффективность проекта и социально-экономическая ситуация.

Ключевые слова: бизнес-проект, ремесло, маркетинг, стратегия, производственные ресурсы.

Бүкіл дүниежүзілік проблемалардың біріне айналған COVID-19 пандемиясы жайлы барлығымыз хабардармыз. 2019 жылы желтоқсанда Қытайдың Ухан қаласында алғаш тіркелген бұл вирускa дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы COVID-2019 [1] деп ресми атау бергені де бізге мәлім. Ал сол жылдың 11 наурызында бүкіл дүниежүзінде пандемия жарияланғаны анық.[2] Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәлімдеме жасады.

«ДСҰ коронавирусты пандемия деп жариялады. Үкімет арнайы алдын алу шараларын қолға алады. Қоғамдық іс-шаралар уақытша тоқтатылады. Азаматтар азық-түлікпен және ең қажетті тауарлармен үздіксіз қамтылады. Шағын және орта бизнес зардап шекпеуі тиіс», - деп жазды Тоқаев Twitter желісіндегі парақшасында. [3]

Төтеден келген кеселден халқымыз абдырап қалғаны анық. COVID-19 тек Қазақстан халқын ғана емес бүкіл дүние жүзін есеңгіретіп тастады. Қаншама адамның өмірін жалмағанын біз білеміз. Көзге көрінбей келген жау дүниежүзінде қарусыз-ақ қаншама адамды қырып салды. Менмін деген ғылымы мен білімі, медицинасы мен экономикасы жақсы дамыған алпауыт мемлекеттердің өзі бұл тажалдың алдында қауқарсыздық танытты. «Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы COVID-19 деп атау берген індет – коронавирустар тобына жататын инфекцияның жаңа, мутацияға ұшыраған түрі. Бұл дегеніңіз оның адамзатқа бейтаныс, бұрын-соңды кездесіп көрмеген белгісіз вирус екенін меңзейді. Демек, бұл коронавирустың әзірге дауасы жоқ, иммунитетіміз де танымай жатаны сондықтан». [4]

Бүкіл дүние жүзі болып осы аты жаман аурумен күресудің жолдарын іздеп, алдын алу шараларын жасап, шамалары келгенше халықты аман алып қалу мәселелерін қарастыра бастады. Еліміз де бұдан шет қалмай, мемлекет басшысы, жоғарыдағы үкімет билігі, бүкіл халық болып жабылып проблемаларды шешуге ат салысып жатыр. Пандемия еліміздің әлеуметтік, экономикалық, денсаулық сақтау, ғылым мен білімімізге де әсер етпей қоймады. Күнделікті жаңалықтар мен әлеуметтік желілерде пандемия салдарымен күресу жолдары, қандай шаралар атқарылып жатқанын мәлімдеп отырды. Ең алдымен мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарға үндеу жасап сабырға шақырды:

«Бұл індетпен күресуге толық мүмкіндігіміз бар екенін баса айтқым келеді. Бұл қиындықты бәріміз бір халық, бір қоғам болып міндетті түрде еңсеріп шығамыз. Бұл уақытша дүрбелең. Осы дағдарыстан абыроймен өтуіміз керек. Енгізілген шектеулерге әр азамат жауапкершілікпен қарауы тиіс. Әр адам барынша сақтанып, вирустың таралмауына ат салысуы қажет. Еліміздің барлық азаматтары өкілетті органдардың қызметіне қолғабыс көрсетеді деп сенемін. Осындай кезде бәріміз сабыр сақтап, тәртіпке бағынуды керек». [5]

Осыған қарамай үрейленген халық абдырап, абыржып, алаңдап қалды. Ең алдымен пандемия әр бір отбасындағы күн тәртібін өзгертті. Карантин режимі, экономикалық жағдай, өзін-өзі оқшаулау халықтың психикасына әсер етпей қоймады. Жұмыссыз қалған адамдар саны артты. Пандемия салдарынан еліміздің әлеуметтік жағдайы нашарлап, экономикасына соққы берілді. Осындай қиын жағдайлардан шығу үшін түрлі бағдарламалар құрылып, жобалар іске асып жатты.

Пандемия кезінде барынша сандық жүйеге жүгінуге тура келді. Технологияға бағытталған біздің ғасырымызда компьютерлік технологияны түсіну және меңгеру өте қажетті салалардың бірі болып табылады. Дегенмен қаладан шалғай аудандар мен ауылды жерлерде әлі де болса толықтай сандық жүйеге көшу мүмкін болмай жатыр. Үкімет басшылары бұл мәселелерді де жақын арада шешеді деген үміттеміз.

Технология – біздің күнделікті міндеттерімізді жақсарту құралы ғана емес, сонымен қатар, бизнесті және басқа да табыс көздерін құру тәсілі. Осы орайда ұлттық өнер мен халқымыздың қолданбалы өнерін технологиямен байланыстыра отырып бизнес құруды ұсынуға болады. Күнделікті тіршілігімізге қажетті қарапайым заттарды өзіміз өндіріп, онлайн форматта табыс көзіне айналдыру жақсы нәтиже көрсетеді деген сенімдеміз. Елімізде шетел өнімін отандастарымыз онлайн бизнес арқылы жақсы дамытып жатқанын біз білеміз. Неге өз өнімімізді шығарып табыс көзіне айналдырмасқа?

Ұсынылатын бизнес-жоба «Қолөнер бұйымдарын өндіру» жобасын қаржыландыруға негізделген экономикалық жағынан түсіндіруге арналған. Бұл жобада қаржылық есептеулерге негізделген ақпараттар берілген, кірістер мен шығыстардың және негізгі салымдардың түрлері берілген. Осы көрсеткіштер негізінде жобаны жүзеге асыру барысында нарықтың даму көрсеткіштеріне болжам жасалады. Жобаның экономикалық тиімділігін түсіндіру үшін мынадай дерек көздері пайдаланылған:

1. Ғаламтор ақпараттары;
2. Еліміздің экономикалық нарығына негізделген зерттеу нәтижелері.

Жобаның мақсаты:

Студенттерді өздігінен жұмыс жасауға бейімдеу, шығармашылық қабілеттерін арттыру, теория мен практикада алған білімдерін тұрмыста пайдалануға бағдар беру, ғылыми ізденіске баулу, тапқырлыққа машықтау, қолөнерді жетілдіру, дамыту, оны іске асыра білу; тұрмыстық сұранысқа ие болған қолөнер бұйымдарын өндірудің тиімді әдістерін меңгеру; сапасы сын көтеретін, көзартарлық бұйымдар жасау арқылы қол икемділігін дамытып, кәсіпкерлікке бейімдеу; іскерлікке баулу; бос уақытын үнемді пайдалануға бағыт беру; жан-жақты белсенділіктерін арттыру.

Міндеттері :

- Студенттерді ғылым, ілім, білім жолында алған білімдерін тереңірек дамыту, ізденуге, талпынуға, жаңадан жаңалық ашуға тәрбиелеу және бағыт-бағдар беру;
- Студенттерді сәндік-қолданбалы шығармашылықтың алуан түрлерімен, қолөнердің түрлі салаларымен таныстыру;
- Студенттерді әр-түрлі құрал-жабдықтармен жұмыс жасауға үйрету және материалдарды қолмен өңдеу технологияларын жетілдіру;
- Түрлі кеңестер бере отырып жас таланттардың тапқырлығын қалыптастырып, оларды бұйымдар жасауда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету;
- Анықталған жобаның идеясын ұғындыра отырып, схемасын, кестесін, графигін, жұмыс істеу принципін және жобаның макетін дайындауға баулу, үйрету;
- Жас таланттардың жасаған бұйымдарын дұрыс саудалауға бағыттау;
- Түрлі көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастырып, жас таланттардың қолөнерін насихаттау.

Осы міндеттерге жету үшін жасалатын шаралар:

Қолынан іс келетін, қызығушылығы жоғары, ғылым жолына әуес, талантты, ізденімпаз жас таланттар жобаға іріктеліп алынады. Оларға ұйымдастырушылар және ғылыми жетекшілер тарапынан кеңес беру шаралары жасалады. Ең алдымен жан-жақтан тұрмысқа қажетті заттар жинау шаралары ұйымдастырылады. Бөлінген көмек қаражат есебінен қажетті құрал-жабдықтар мен материалдар сатып алынады.

1. Жобаның концепциясы

Бұл концепцияда ғылыми жобаны дайындау, қолөнер бұйымдарын өндіру және оны ұсыну бойынша типтік жеке кәсіптің ашылуы бойынша мәселелер қарастырылған. Бизнес-жоба қолөнер бұйымдарының нарығындағы жаңа үйренушілер үшін көмекші құрал ретінде дайындалған. Жоба бойынша қажетті жабдықтарға, қызметкерлер мен өнімді алға жылжытуға жұмсалатын шығындар шамамен алынған. Әр иелік етуші оны өз икеміне қарай өзгерте алады. Сонымен қатар барлық есептеулер қала жағдайларында, ауыл аймақтарында, шағын кәсіптік орындарда студенттердің қабілеттерін арттырып, қосымша табыс табуға икемдеуге, соның негізінде университетке қосымша кіріс кіргізу мақсатында жасалған. Сондықтан қосымша өзгертулер енгізуге болады.

Жоба концепциясы төмендегідей:

1. Орналастыру үшін ауданы 40 м², 35 м² болатын (2 бөлме) орын алу:
 - a. өндірістік цех - 40 м² ;
 - b. шикізат пен дайын өнім қоймасы - 35 м² ;
2. Қажетті құрал-жабдықтарды сатып алу, орналастыру, іске қосу және реттеу, қолөнер бұйымдарының ауқымын шығару;
3. Қолөнер бұйымдарының түр-түрін шығарып, тұтынушыларға ұсыну.

2. Өнімнің (қызметтің) сипаты

Қолөнер бұйымдары.

Бұл жоба төңірегінде қолөнер бұйымдарының әр түрі түр-түрімен шығарылатын болады. Қолөнер бұйымдары – жеке сауданың желілеріндегі, үй тұрмысында кеңінен қолданылатын ең өтімді сапалы тауардың бір түрі. Қолөнер

бұйымдары ең алдымен ұлттық нақышта, тартымды, сапасы сын көтеретін, көз тартарлық болуы керек. Ең танымал түрлері бетіне қазақша ою тігілген және құрақпен құралған 50x50 см болатын үстел төсеніштері, ағаштан жасалған балалар орындығы, бетіне ою тігілген шәйнек қойғыштар, балаларға арналған түрлі жастықшалар, төсеніштер, бетіне қазақша ою тігілген үйге киетін тоқыма аяқ киімдер, балаларға арналған тоқыма аяқ киімдер, тоқыма бас киімдер, мойын орағыштар, тоқылған сөмкелер тағыда басқа қолөнер бұйымдары. Бұл бұйымдар – ерекше әрі жылылықтың негізгі құралдарының бірі. Олар тез жуылады, әр бір үйдің сәнін келтіреді, ұлттық нақышпен безендірілген ою-өрнектері тартымды, көздің жауын алады. Келер ұрпаққа ұлттық салт-дәстүріміздің, тәрбиеміздің ұлттық құндылығын арттырады және студенттердің қолөнерге деген қызығушылығын арттырып, уақытын бос өткізбеуге жетелейді. Бағасы қолжетімді болуға тиіс. Қолөнер бұйымдары өзінің ерекшелігімен қайталанбас туынды, күнделікті тұрмыста алмастырушысы жоқ заттардың бірі. Олардың сапасы өндіріс технологиясының барлық өндіру кезеңдерінде, өнімді сақтау шарттарына байланысты.

4. Маркетингтік жоспар

Бұл жоба – университеттегі бірден-бір қайталанбас жеке дара жоба болып табылады. Сондықтан да жобаның маркетингтік жоспары – қолөнер бұйымдарын өндіру, қазақтың ұлттық құндылықтарын жоғалтпау, сақтау, дәстүрлі түрде ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру, қолөнер бұйымдарының сапасын арттыру.

4.1 Өнім (қызмет) нарығының сипаты

Тоқыма бұйымдары, құрақ көрпешелер, оюлы көрпелер, шәйнек қойғыштар, ағаш бұйымдары, моншақтан жасалған түрлі бұйымдар – тұтынушыларға күнделікті тұрмысқа қажетті арзан, пайдалы, зиянсыз, экологиялық талапқа сай.

4.2 SWOT – талдау

SWOT – талдау өнімнің мүмкіндіктерін анықтау және нарықта алға жылжуының қауіптерін бағалау үшін жасалынып отыр:

Кесте 1. SWOT – талдау

Күшті жақтары	Әлсіз тұстары
Қолөнер бойынша ұлттық құндылығы жоғары, тығыз матадан жасалған жоғары сапалы, тігісі мықты, ою-өрнегі сәнді, әдемі, заманға лайық, ағаш өнімдері сапалы, тоқыма өнімдері тығыз тоқылған, әр түрлі құрақтармен құралған, т.б.	Уақыт тапшылығы, кейбіреудің талғамына сәйкес түр-түсін ұнатпауы, көлемі, ағаш бұйымдарының тегіс өңделмеуі, т.б.

4.3 Маркетинг стратегиясы

Университеттегі бірден-бір жеке дара «Қолөнер бұйымдарын өндіру» жобасының маркетинг стратегиясы – ұлттық құндылықтарды сақтай отырып сапалы өнімдерді арттыру және нарыққа жылжытудың тәсілін қамтамасыз ету. Жобаның тауар, баға, дистрибуция және алға жылжыту бағытында маркетингтік стратегиясы әзірленді.

1. Тауар стратегиясы

Тауар түрлері мен оларға ұсынылатын болжамдық бағалар төмендегі кесте бойынша құрылады.

Кесте 2. Тауардың атауы

№	Тауардың атауы	Өлшем бірлігі	Бағасы
1	Қолөнер бұйымдарының түрлері	50x50	Прайс-параққа сай

2. Баға стратегиясы

Баға стратегиясы мынадай шараларды қарастырады:

1. Нарықтағы бағалық саясатты барлау және соған орай арзан баға қалыптастыру;

2. Жеңілдіктер жүйесін пайдалану.

3. Дистрибуциялық стратегия

1) «Қолөнер бұйымдарын өндіру» жобасының қызметі алармандарға арзан, пайдалы, тиімді, сапалы өнім ұсыну.

2) Ғылыми жобаның қызметі демеушілерді тарту, қызықтыру және өнімді өндіруге ұсыныс жасау.

4. Алға жылжыту стратегиясы

Жобадан бағыттың таңдап алынған тұстарын жүзеге асыруға бағытталған шаралар кешенін әзірлеу алға қойылып отырған маркетингтік мақсаттарға жетелейді. Алға жылжыту қызметтерінің шаралары бойынша жарнамаларды енгізу ұсынылады. Пандемияға байланысты жарнама ретінде интернеттік желілерді қолдануға болады:

1. Инстаграм парақшалары;

2. Ватсап желісі;

3. Фейсбук.

4.4 Тарату әдістері және арналары. Таратуды ынталандыру

Тауарлардың жоғары сапалы болуы жобаның бағалық саясатына оң әсерін тигізеді. Соның негізінде тұтынушылардың оң пікірлеріне ие болады. Жоба тауарларына бүгінгі күнгі экономикамызда билік етіп тұрған орташа нарықтық бағаны негізге ала отырып дифференциалданған бағаны қалыптастыру қажет. Алайда ауыспалы баға қағидаты тауар сапасына нұқсан келтірмеуі керек. Бағаны ынталандыру үшін тұрақты тұтынушыларға жеңілдіктер жүйесін қолдануға болады. Жарнама тиімділігі мен имиджді қалыптастыру үшін қажетті жағдаяттар:

- Танымдық ұстаным;
- Тұтынушылар қажеттілігіне бейімделу;
- Белгілі жарнамалық және қызмет көрсету үлгісінің болуы;
- Тауарлар мен қызмет көрсету сапасына талапқа сай болу;
- Нарықта үнемі болу;
- Алармандармен тығыз қарым-қатынас орнату;
- Көрмелерге, жәрмеңкелерге жиі қатысу

5. Техникалық жоспарлау

5.1 Өндіріске арналған орын

«Қолөнер бұйымдарын өндіру» бизнес-жобасын ұйымдастыру үшін ауданы **40м², 35м²** болатын орын қажет.

Өндірістік цех - 40 м², шикізат пен дайын өнім қоймасы - 35 м².

5.2 Өндірістік жабдықтар


1. Тігін машинасы;
 2. Тоқыма машинасы;
 3. Тоқу мен тігуге арналған құрал-жабдықтар (ине, қайшы, ілмек, біз, жіп, сызғыш, өлшегіш және т.б.)
- Кесте 3. Жабдық сатып алу бағдарламасы(шамамен)

Атауы	Күні	Бағасы, тг	мерзімі
Технологиялық жабдық сатып алу	03.03.2021	78 000,0	2 ай

6. Ұйымдастыру, басқару және қызметкерлер

Өндірістің ұйымдастырушылық құрамы төменде суретте көрсетілген

Сурет 1. Ұйымдастырушылық құрамы:



Кесте 8. Штаттық кесте

Лауазымы	Саны	Еңбек ақысы
Өндіріс бастығы	1	10%
Есепші	1	10%
Өндірісті материалдық жабдықтау менеджері	2	10%
Өндіріс жұмысшылары	10	10%
Көмек күші	5	10%
барлығы	19	10%

7. Жобаны жүзеге асыру

Бизнес-жобаны жүзеге асыру үшін ең алдымен барлау жұмыстары жүргізіледі, жоба бағдарламасы, қаржылық құжаттар дайындалып, жабдық жеткізу және өнімді сату бйынша келісім-шарттар жасалады. Өндіріс орынын дайындау, өндіріс жұмысшыларын жұмысқа бейімдеу, үйрету жұмыстары жүргізіледі. Пандемия кезінде әзірше жұмыстарды онлайн атқаруға болады. Әр бір жұмысшы өзіне тиесілі жұмысын үйіне алып кетіп жасайды.

8. Жобаның тиімділігі

Бизнес-жобаның экономикалық тұрғыда тиімді тұстары:

1. Университет бюджетіне қосымша табыс;
2. Пандемия кезінде жұмыссыздарды жұмыспен қамту;
3. Аймақ тұрғындарын сапалы өніммен қамтамасыз ету.

Маркетингтік зерттеулер өндіріс нарығының дамуы үшін жағымды әрі қолайлы тенденцияның бар екенін көрсетіп отыр. Сонымен қатар қысқа мерзімде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Егерде инвестицияны пайдалы түрде қолдана алса жоба қысқа мерзімде тиімді, рентабельді өзін-өзі ақтай алады.

9. Жобаның әлеуметтік-экономикалық және экологиялық әсері

9.1 әлеуметтік-экономикалық ахуалы

Ең алдымен әлеуметтік салада жұмыспен қамту жұмыстары жүргізіледі. Жаңа жұмыс орындары қалыптасады. Жоба өнімдерін жеткізу арқылы тұтынушылар қажеттілігін қанағаттандыру.

9.2 Экологиялық ахуал

Жоба негізінде құрылатын өндіріс қоршаған ортаға ешқандай зиянын тигізбейді. Өндіретін өнімдер де экологиялық таза өнімдер. Сол себепті экологиялық сараптама жасауды қажет етпейді.

Қорытындылай келе, пандемия кезінде жоғарыда атап өткен еліміздің жағдайын ескере отырып бұл жобаның жүзеге асуы әлеуметтік-экономикалық тұрғыда біршама мәселелерді шешуге өз септігін тигізеді анық. Бүгінгі таңдағы карантин режимін ескерсек, бизнес-жобаның біраз бағыттарын онлайн форматта өткізуге болады. Мәселен, жұмысшыларды жұмысқа бейімдеу, үйрету онлайн бейнесабақтар арқылы жүргізіледі. Әр жұмысшы өзіне жүктелген міндетте үйде отырып атқара алады. Өндіріс басшылары дайын болған өнімді, интернет желісі арқылы жарнамалап, тұтынушыға қажетті тауарларын жеткізіп бере алады. Бұл мәселер тәжірибе жүзінде дәлелденген. Пандемия кезінде кішігірім «Meruert brand» [6] өндірісі тоқылған аяқ киім өндіріп, біршама адамды жұмыспен қамтамасыз етті. Өндіріс онлайн жұмыс жасады. Қажетті құрал-жабдықтар мен материалдар жұмысшыға жеткізіліп берілді, жұмысшы өнімді бітірген соң жұмыс беруші өзі үйінен алып кетіп, сатылымға шығарды. Нәтижесінде жүзден аса аяқ киім өндіріліп, тұтынушылардың аяқтарына жылу сыйлады.

Пандемия кезінде «Алтын қолдар» [7] клубы ұйымдастырылып, онлайн форматта жүргізілген бейне сабақтар арқылы біршама бос отырған қыз-келіншектер тоқу үйренді. «Meruert brand» өндірісіне жұмысшылар осы клуб аясында үйренген қыз-келіншектерден іріктеп алынды.

Ұлттық өнер, халқымыздың қолданбалы өнерінің ең биік жетістіктерінің бірі. Бүгінгі күнге дейін күнделікті тіршілігімізде қолданылып келген түрлі ою-өрнектер, сәндік, әшекейлік бұйымдар талай ұрпақтың ақыл-ойы мен шеберлігінің жемісі. Өнер мектеп өмірінің алғашқы күнінен бастап-ақ баланың әлемге көзқарасын қалыптастыру құралы ретінде, әлемді біртұтас жағымды мәнімен қабылдауға, бағалауға үйретеді және бейнелі ойлауын дамытады. Сондықтан біз баланы кішкентайынан сонау балабақша кезінен бастап-ақ өнерге баули бастауымыз керек. Озық технологиямыз дамыған мына заманда жастарымызды интернет шырмауынан аластату үшін, бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында ұйымдастырылған «Жас шебер»[8] үйірмесі оқушылар мен студенттерге онлайн форматта бейнесабақтар өткізіп, тоқудың қыр-сырын үйретті. Міне осындай атқарылған жұмыстардың нәтижесінде осы бизнес-жоба ұсынылып отыр. Алдағы уақытта бұл жұмысты кеңінен қолға алуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қытайда тараған вирус: ғалымдар қандай зерттеу жүргізіп жатыр?* https://tengrinews.kz/world_news/kyitayda-taragan-virus-galyimdar-kanday-zertteu-jurgzr-391780/
2. *Пандемия COVID-19. Материал из Википедии – свободная энциклопедия.* https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D0%B5%D0%BC%D0%B8%D1%8F_COVID-19
3. *Қымбат ТОҚТАМҰРАТ. Қытай сауығын, «қарт құрлық» ауырып жатыр.* <https://egemen.kz/article/224719-qytay-sauyghyp-qart-qurluq-auyryp-dgatyр> © egemen.kz
4. *Қазақстандағы кокованавирус. Бүгінге дейін не белгілі?* https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakstandagi-koronavirus-bugnge-deyn-ne-belgl-394814/
5. *Қазақстандағы кокованавирус. Бүгінге дейін не белгілі?* https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakstandagi-koronavirus-bugnge-deyn-ne-belgl-394814/
6. *@meruert_brand_kz-инстаграм парақшасы*
7. *@goldhands_club-инстаграм парақшасы*
8. *@zhas_sheber-инстаграм парақшасы*